

## **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 22 қарашадағы № 96 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылы 25 қарашада № 35400 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшамен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларына:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Медициналық көмек көрсету бойынша қызметтерді сатып алуды ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алудың жоспары (бұдан әрі – сатып алу жоспары) негізінде жүзеге асырылады.

Қор немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісі алдағы қаржы жылына арналған сатып алу жоспары бекітілгенге дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-290/2020 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің көлемін жоспарлау қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21844 болып тіркелген) 4-тармақтың жиырма бірінші абзацына сәйкес қалыптастырылған сатып алу жоспарының жобасы негізінде осы Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімінің бірінші кезеңін жүзеге асырады, ол жылдық сатып алу жоспары бекітілгенге дейін қолданылады.";

7-тармақ алынып тасталсын;

10-тармақтың б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) цифрлық денсаулық сақтау субъектісін бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жанындағы өңірлік комиссия мен комиссияның құрамына енгізу үшін;"

мынадай мазмұндағы 10-1-тармағымен толықтырылсын:

"10-1. Комиссия мүшелігіне кандидаттар мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

1) Қазақстан Республикасының азаматы болуы;

2) жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары білімнің болуы;

3) ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерді әлеуетті жеткізушілермен немесе бірлесіп орындаушылармен еңбек немесе азаматтық-құқықтық қатынастарының болмауы;

4) ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде шешім қабылдауға құқығы бар әлеуетті өнім берушінің басшысына, акционеріне немесе құрылтайшысына немесе медициналық көмек көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтерді бірлесіп орындаушыға жақын туысы, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болып табылмауы;

5) оған қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және (немесе) қылмыстық жауаптылық үшін әкімшілік жауаптылық шарасы қолданылмаса.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес келмейтін кандидаттар комиссия мүшелеріне жіберілмейді.";

18-тармаққа орыс тіліндегі мәтінінде өзгеріс енгізілген, мемлекеттік тілде мәтін өзгерілмейді;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемі және (немесе) медициналық көмек көрсетуге арналған қаражат көлемі сатып алу жоспары шеңберінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін өткізбей:

1) көрсетілген қызметтерді берушілер арасында орналастыру кезінде "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21550 болып тіркелген) (бұдан әрі – бұйрық № ҚР ДСМ-170/2020) сәйкес бекітілген ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтер өзгерген кезде;

2) уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша пилоттық жобаларды іске асыру кезінде;

3) МСАК қызметтерін, "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезенділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген) сәйкес халықтың нысаналы топтарын скринингтік зерттеулер мен профилактикалық медициналық қарап-тексерулер жүргізу кезіндегі көрсетілетін қызметтерін және олардың қаражат көлемін орналастыру бекітілген халыққа есептегенде жүзеге асырылатын, консультациялық-диагностикалық көмек, оның ішінде бөлінбеген көлемдер мен қаражат болған кезде денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде МСАК субъектісіне бекітілген болған жағдайда оқушыларға көрсетілетін қызметтерін көрсету кезде денсаулық сақтау басқармасының бұйрығының халыққа қызмет көрсету аумағын бөлу туралы негізінде бюджет қаражаты есебінен немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобасын іске асыру шеңберінде салынған жаңадан іске қосылған денсаулық сақтау объектісі бар және денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына сәйкес келетін МСАК субъектісі көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысуы;

4) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес оның міндеттемелерінің деректер базасына енгізілген денсаулық сақтау субъектісіне құқықтық мирасқорлығы кезінде қызметтер берушіні қайта ұйымдастыру кезінде;

5) тіркелген халық саны өскенде және (немесе) МСАК жеткізушісіне тіркелген халықтың жыныстық жас құрылымының өзгеруі кезінде, оның ішінде көрсетілген қызметтерді жеткізушілер арасында орналастыру кезінде жан басына шаққандағы кешенді норматив бойынша ақы төленетін медициналық көмек көрсету кезінде медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы бойынша;

6) көрсетілген қызметтерді қолданыстағы қызметтер берушілер арасында денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде МСАК қызмет берушісіне бекітілген мектеп оқушыларының саны мен қаражат көлемі өзгерген кезінде;

7) кешенді тариф бойынша төленетін медициналық көмек көрсету кезінде пациенттер санының ұлғаюы немесе көрсетілген қызметтерді жеткізушілер арасында орналастыру кезінде жан басына шаққандағы норматив бойынша ақы төленетін медициналық көмек көрсету кезінде халық санының ұлғаюы кезінде;

8) кешенді жан басына шаққандағы нормативке кіретін көрсетілетін қызметтердің және (немесе) қаражаттың көлемі, сондай-ақ медициналық көмек көрсету кезінде нақты шығындар бойынша төленетін қызметтер мен шығыстар ұлғайған кезде, оларды орналастыру кешенді тариф бойынша халық санына немесе көрсетілген қызметтерді жеткізушілер арасында орналастыру кезінде жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады;

9) "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Заң) сәйкес ауылдық елді мекенге жататын қызмет берушілерге ақы төлеу жан басына

шаққандағы кешенді норматив бойынша жүзеге асырылатын ауыл халқына стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге;

10) Қазақстан Республикасының азаматтарына шетелге емдеуге медициналық көмек көрсетуге және (немесе) ТМККК шеңберінде отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тартуға арналған "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту қағидаларын әзірлеуді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № ҚР ДСМ-45 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22866 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылатын көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде;

11) Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 31 мамырдағы Заңымен ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін жалға алу жағдайында медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы келісімге сәйкес Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын, "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарының қызметкерлері болып табылмайтын, сондай-ақ "Байқоңыр" кешенінің аумағында уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматтарына Ресей Федерациясының федералдық медициналық ұйымдарының қызмет көрсетуіне;

12) Қордың күтпеген шығыстарға арналған қордың резерві есебінен денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтер көрсетуіне;

13) төтенше жағдай кезеңінде Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде қызметтер көрсетуге;

14) орталық атқарушы органдардың және өзге де орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінің, сондай-ақ әскери-медициналық (медициналық) камтамасыз етуді жүзеге асыратын әскери-медициналық (медициналық) мекемелерінің (ұйымдарының), өзге де бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен бекітілген Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-37 бұйрық) сәйкес амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге;

15) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысымен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі

және (немесе) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысымен бекітілген міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесі өзгерген немесе толықтырылған кезде. Бұл ретте жоғарыда көрсетілген тізбелердің өзгеруіне байланысты қызметтердің босатылған көлемін орналастыру сол денсаулық сақтау субъектілеріне босатылған қаражаттан аспайтын көлемде жүзеге асырылады;

16) бекітілген қала халқының санына шаққанда денсаулық сақтау басқармасы бекіткен МСАК субъектілерінің тізбесіне сәйкес ірілендіруге жататын МСАК субъектілеріне қаражат көлемдерін орналастыру кезінде;

17) денсаулық сақтау басқармасының шешімі бойынша МСАК қызметтер берушісінің қызмет көрсету аумағын қайта бөлуіне байланысты МСАК қызметтерін берушінің бекітілген халқы санының ұлғаюы кезінде;

18) көрсетілген қызметтерді жеткізушілер арасында орналастыру кезінде қан мен оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру жөніндегі қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін ұлғайту кезінде;

19) денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің нормаларына сәйкес болған жағдайда, әкімшілік-аумақтық құрылым туралы Заңға сәйкес әкімшілік-аумақтық құрылым өзгерген кезде;

20) денсаулық сақтау субъектілері арасында қанды және оның компоненттерін дайындау, өңдеу, сақтау және өткізу, қан препараттарын өндіру бойынша қызметтер көрсетуге;

21) білікті мамандарды және (немесе) пациентті санитариялық көлікпен тасымалдауға байланысты жедел медициналық көмек пен медициналық көмек көрсетуге;

22) АИТВ-инфекциясын жұқтырған адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге;

23) туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге;

24) психикалық бұзылулары (аурулары) бар адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге орналастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 2), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 12), 13), 17), 18) және 19) тармақшаларында көрсетілген жағдайлар бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемі және (немесе) медициналық көмек көрсетуге арналған қаражат көлемі ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру (азайту) қорытындылары туралы хаттаманың негізінде 3), 11), 14), 15), 16), 20), 21), 22), 23) және 24) көрсетілетін қызметтер көлемі және (немесе) қаражат көлемі комиссия шешімінің негізінде орналастырылатын осы тармақтың бірінші бөлігі. тармақшаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (әрі қарай – таңдау рәсімінсіз орналастыру қорытындылары туралы хаттама)

денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізбей, қызметтерді сатып алу шарттарын немесе қызметтерді сатып алу шартына қосымша келісім жасасу түрінде комиссия шешімін ресімдемей орналастырылады).";

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. МСАК субъектілерінен қызметтер сатып алу кезінде МСАК қызметтерінің көлемін ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде орналастыру " Медициналық – санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына жеке тұлғаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-194/2020 бұйрыққа ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21642 болып тіркелген) сәйкес деректер базасына енгізілген МСАК субъектілерінің қатысуымен жыл сайынғы бекіту науқанын жүргізуді қамтиды (бұдан әрі – Бекіту қағидалары ).

22. Бекіту науқанының басталғаны туралы ақпарат денсаулық сақтау басқармаларының интернет-ресурстарында орналастырылады.";

25-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін қағаз нысанда орналастыру рәсімін жүргізу кезінде қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің интернет-ресурсында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткерлердің денсаулық сақтау субъектілерінің базасына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері арасында ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру рәсімін өткізу туралы хабарландыру беріледі.";

26-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Денсаулық сақтау субъектілері, оның ішінде бекіту науқаны қорытындыларының хаттамасымен денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсіміне жіберілген МСАК субъектілері және осы Қағидалардың 19-тармағы бірінші бөлігінің 3) , 14), 20), 21), 22), 23) және 24) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді көрсету бойынша қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімді қағаз немесе веб-портал арқылы электрондық нысанда береді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Жоспарланған көлемдер өтініміне мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (заңды тұлға үшін) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәліктің көшірмесі (анықтама) және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлға үшін);

2) осы Қағидалардың 26-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, "Е-Лицензиялау" МДҚ-мен интеграциялау арқылы жоспарланған көлемдегі өтінімге тіркелетін құжаттар;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының (бұдан әрі – МЖӘ) көшірмесі (МЖӘ шеңберінде іске асырылатын денсаулық сақтау субъектісі ұсынады);

4) аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі (бар болған жағдайда денсаулық сақтау субъектілері береді);

5) денсаулық сақтау ұйымының жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге сәйкестігі туралы қорытындының көшірмесі (бұдан әрі – "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) сәйкес берілген, жоспарланатын медициналық көмекке өтінім берілген тиісті технологиялар бойынша көлемі (ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісі ұсынады);

6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тиісті нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтердің жоспарланатын көлемдеріне арналған өтінімде көрсетілген медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер;

7) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының көшірмесі;

8) "Субъектілердің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен айқындалған жағдайларды қоспағанда, ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алу шарттары жасалған медициналық көмектің (қызметтің) түрлері бойынша ақылы негізде қызметтер көрсетпеу туралы міндеттеме (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ақылы қызмет көрсету ережесі), еркін нысанда;

9) осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделетін медициналық көмек түрлерін көрсету жоспарланатын өндірістік базалардың тізбесі;

10) ғимаратты мүліктік жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі (қажет болған жағдайда);

11) басшының міндетін атқарушыға бұйрықтың көшірмесі (басшыны алмастыру кезінде);

12) басшының сенім білдірілген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған жағдайда сенімхаттың түпнұсқасы (жоспарланатын көлемдерге өтінімді қағаз нысанда

ұсынған кезде) немесе оның электрондық көшірмесі (өтінімді электрондық нысанда ұсынған кезде).";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Комиссия мүшелері веб-порталда жоспарланатын көлемдерге өтінімдерді ашу туралы автоматты хабарламаны алған күннен кейінгі келесі күннен бастап (өтінімдерді қағаз нысанда қабылдаған кезде – оларды қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейінгі келесі күннен бастап) он жұмыс күні ішінде көлемдерді орналастыруға рұқсат беру үшін талаптарға, оның ішінде денсаулық сақтау саласындағы Кодексте және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмекті көрсетуді ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкестігін тексереді:

1) жоспарланатын көлемдерге өтінімдер (қағаз нысанда – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша);

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (заңды тұлға үшін) немесе жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы куәліктің (анықтаманың) көшірмесі және жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) көшірмесі;

3) медициналық қызметке лицензиялар;

4) иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензия (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

5) есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

6) фармацевтикалық қызметке лицензиялар (көрсетілген кезде осы лицензия міндетті құжат болып табылатын медициналық көмек түрлері үшін);

7) МЖӘ шеңберінде жобаны іске асыруға қатысатын денсаулық сақтау субъектісі ұсынатын МЖӘ шартының көшірмесі;

8) денсаулық сақтау субъектілерінде бар болса берілетін аккредиттеу туралы куәліктің көшірмесі;

9) жоспарланатын көлемдерге өтінім берілген тиісті технологиялар бойынша № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына сәйкес берілген денсаулық сақтау ұйымының ЖТМК ұсынуға сәйкестігі туралы қорытындының көшірмелері (ЖТМК көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісі ұсынады);

10) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес тиісті нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтердің жоспарланатын көлемдеріне арналған өтінімде көрсетілген медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер;

11) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының көшірмелері;



12) ақылы қызметтер көрсету қағидаларында айқындалған жағдайларды қоспағанда, ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтерді сатып алу шарттары жасалған медициналық көмектің (қызметтің) түрлері бойынша қызметтерді ақылы негізде ұсынбау туралы еркін нысандағы міндеттемелер;

13) осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделетін медициналық көмек түрлерін көрсету жоспарланатын өндірістік базалардың тізбесі;

14) ғимаратты мүліктік жалдау (жалға алу) шартының көшірмесі) (бар болған жағдайда);

15) басшының міндетін атқарушыға бұйрықтың көшірмесі (басшыны алмастыру кезінде);

16) сенімхаттың түпнұсқасы (жоспарланатын көлемдерге өтінімді қағаз нысанда ұсынған кезде) немесе басшының сенім білдірілген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған кезде оның электрондық көшірмесі (жоспарланатын көлемдерге өтінімді электрондық нысанда ұсынған кезде).

Комиссия мүшелері тексереді:

жоспарланатын көлемдерге арналған өтінімде көрсетілген деректер қоса беріліп отырған құжаттарда көрсетілген деректерді, оның ішінде хабарландыру шарттарына сәйкестігіне;

банкроттық немесе тарату рәсімдерінің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсында ([www.kgd.gov.kz](http://www.kgd.gov.kz)), өтінім берген денсаулық сақтау субъектісінің банкроттық немесе тарату рәсіміне қатысы жоқтығы туралы мәліметтерді;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 106 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау субъектісінің Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартына (бұдан әрі – ЖМП стандарты) сәйкестігіне;

уәкілетті органның немесе қордың ақпараттық жүйелерінен (бұдан әрі – денсаулық сақтау АЖ) алынған деректер бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәжірибесінің болуы немесе болмауы;

денсаулық сақтау субъектісі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (ауыл, кент, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) сатып алу жоспарына (сатып алу жоспарының жобасына) сәйкес мәлімделетін медициналық көмек түрлері, көрсетілетін қызметтер және медициналық қызметтер көрсету шарттары бойынша қызметтер көрсететін жалғыз денсаулық сақтау субъектісі болып табылатын жағдайды;

денсаулық сақтау субъектісін денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде шұғыл және (немесе) кезек күттірмейтін (ургенттік) нысанда медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесіне енгізуді;

медициналық қызметті тоқтата тұру немесе тоқтату туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болуын;

ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын айқындау туралы денсаулық сақтау басқармасының шешімінде денсаулық сақтау субъектісінің болуын немесе болмауын қарайды.

Жоспарланатын көлемдерге өтінімдерді және оларға қоса берілетін құжаттарды қарау кезінде Комиссия мүшелері болып табылатын денсаулық сақтау басқармасының өкілдері оның қарамағындағы денсаулық сақтау субъектілерінің құқықтық және (немесе) мүліктік мәртебесін өзгерту процесі туралы ақпаратты ұсынады.

Комиссия денсаулық сақтау АЖ-де қолжетімді деректерді пайдаланады, ал олар денсаулық сақтау АЖ-де болмаған кезде мемлекеттік органдар мен ұйымдардан сұрау салу арқылы алынған мәліметтер пайдаланылады.

Жоспарланатын көлемдерге өтінімдерді қарау кезінде өңірлік комиссия мүшелері денсаулық сақтау субъектісіне бару күніне дейін күнтізбелік бір күннен кешіктірмей хабарлама жібере отырып, ЖТМҚК дан бөлек жоспарланатын көлемдерге өтінім берілген медициналық көмек көрсету түрлері немесе шарттары бойынша қормен бұрын сатып алу шарттарын жасамаған денсаулық сақтау субъектілеріне барады.

Хабарлама мынадай тәсілдердің бірімен жіберіледі:

денсаулық сақтау субъектісінде электрондық құжат айналымы болған кезде электрондық түрде;

жеткізу туралы хабарламасы бар тапсырыс хат-хабармен;

электрондық түрде веб-порталдағы жеке кабинетте.

Бару нәтижелері бойынша комиссия мүшелері ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша еркін нысандағы қорытынды қалыптастырады.

Қорытынды комиссия мүшелерінің денсаулық сақтау субъектісінің қызметтер мен қаражат көлемін орналастыруға жіберу үшін талаптарға сәйкестігі (сәйкессіздігі) туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Өңірлік комиссия мүшелерінің қормен бұрын жоспарланатын көлемдерге өтінім берілген медициналық көмек көрсетудің түрлері немесе шарттары бойынша сатып алу шарттарын жасамаған денсаулық сақтау субъектілеріне бару нәтижелері бойынша медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік орган денсаулық сақтау субъектісіне әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануды талап ететін бұзушылықтар бойынша ақпаратты комиссия мүшелері қорытындыға қол қойған күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей өңірдің денсаулық сақтау басқармасына жібереді.";

37-1-тармақтың 1)-тармақшасының тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"денсаулық сақтау субъектісі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (ауыл, кент, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына (сатып алу жоспары жобасына) сәйкес мәлімделетін медициналық көмек түрлері, көрсетілетін қызметтер және медициналық қызметтерге көрсету шарттары бойынша қызметтер көрсететін жалғыз денсаулық сақтау субъектісі болып табылған жағдайда;"

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Денсаулық сақтау субъектілері арасында ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін бөлуді комиссия мыналарды ескере отырып:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 169 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33715 болып тіркелген) бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтердің және (немесе) қаражаттың көлемдерін бөлу әдістемесін;

2) осы Қағидалардың 47-тармағына сәйкес басым құқықтығы;

3) есепке алу қағидаларының 11-тармағына сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын айқындау туралы денсаулық сақтау басқармасының шешіміне сәйкес төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің өндірістік қуатын;

4) денсаулық сақтау АЖ алынған деректер бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәжірибесін;

5) "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалу мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21904 болып тіркелген) (бұдан әрі – Мониторинг жүргізу қағидалары) сәйкес көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары бойынша шарттық міндеттемелер, оның ішінде медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша мониторинг нәтижелерін;

6) Мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне денсаулық сақтау субъектілерінің негізделген шағымдарын;

7) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі ұсынған түпкілікті деректер бойынша (МСАК қызметтерінің көлемін бөлу кезінде) орналастыру кезеңіне бекітілген халықтың саны мен жыныстық жас құрамының өзгеруін ескере отырып, бекіту науқанының қорытындыларын;

8) МЖӘ шартының болуын;

9) денсаулық сақтау басқармасының шешімі негізінде шұғыл және (немесе) кезек күттірмейтін (ургенттік) нысанда медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектісін денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесіне енгізуін;

10) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 170 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33712 болып тіркелген) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің қызметінің индикаторларын есептеу және рейтингтік бағалау әдістемесіне сәйкес есептелген ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің қызметінің рейтингтік бағалауын;

11) Есепке алу қағидаларына сәйкес ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын жасасу үшін тиісті дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілерін айқындауды жүзеге асырады.

Комиссия қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін бөлу кезінде еркін нысандағы қызметтер көлемін бөлу кестесін пайдаланады.";

51-тармақ алынып тасталсын;

53 және 54-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Көрсетілетін медициналық көмек түрлерінің немесе көрсету шарттарының тізбесі және қаражат көлемі көрсетіле отырып, шарттар жасасу көрсетілетін қызметтерді сатып алу қор немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бекіткен үлгілік нысан бойынша таңдау рәсімінсіз көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру хаттамасының немесе орналастыру қорытындылары туралы хаттаманың негізінде жүзеге асырылады.

Денсаулық сақтау субъектісі қормен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартын жасасу кезінде қор бекіткен ТМҚКК және (немесе) МӘМС жүйесі шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қосылу шартына (бұдан әрі – қосылу шарты) қосылған болып есептеледі.

Қосылу шартының жобасын қор әзірлейді және ұсыныстар беру үшін уәкілетті органға және "Атамекен" ҰҚП-ға жібереді, сондай-ақ жария талқылау үшін қордың интернет-ресурсында ол бекітілгенге дейін бір айдан кешіктірмей орналастырылады.

Бекітілген қосылу шарты қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда орналастырылады.

Қосылу шартына енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар өзгерістер және (немесе) толықтырулар күшіне енгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей қордың немесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің интернет-ресурсында және (немесе) веб-порталда өзгерістер және (немесе) толықтырулар ескеріле отырып, шарттың толық мәтіні түрінде жарияланады.

54. Алдағы қаржы жылына сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде сатып алу жоспарына байланысты көрсетілетін қызметтердің көлемін және (немесе) сомаларын айқындай отырып, көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттарын үш жылға дейінгі мерзімге (бұдан әрі – ұзақ мерзімді сатып алу шарты) жасасу Есепке алу қағидаларында айқындалған тәртіппен ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын жасасу үшін тиісті болып айқындалған денсаулық сақтау субъектілерімен жүзеге асырылады.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Өңірлік комиссиямен көрсетілетін қызметтер көлемін таңдау және (немесе) орналастыру рәсімін жүргізу қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметтер көлемін орналастыру хаттамасына қол қойылған күнінен кейін он бес жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау субъектісіне көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жобасы (көрсетілетін қызметтерді сатып алудың қолда бар шартына қосымша келісімнің жобасы) веб-порталда сатып алуды жүргізу кезінде ЭЦҚ пайдалана отырып, денсаулық сақтау АЖ арқылы жіберіледі немесе қор немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі сатып алуды қағаз форматта өткізу кезінде қағаз нысанда жүргізіледі.

Республикалық комиссия денсаулық сақтау субъектілерін таңдау рәсімін жүргізу қорытындылары бойынша хаттама негізінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына өзгерістер енгізілгеннен кейін он жұмыс күні ішінде денсаулық сақтау субъектісіне ЭЦҚ пайдалана отырып, денсаулық сақтау АЖ арқылы көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жобасы (көрсетілетін қызметтерді сатып алудың қолда бар шартына қосымша келісімнің жобасы) жіберіледі.

Денсаулық сақтау субъектісі көрсетілген көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартының жобасын (көрсетілетін қызметтерді сатып алудың қолда бар шартына қосымша келісімнің жобасын) алған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде веб-порталда сатып алуды жүргізу кезінде ЭЦҚ пайдалана отырып немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың қол қойылған шартын (көрсетілетін қызметтерді сатып алудың қолда бар шартына қосымша келісімді) қорға немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне қағаз нысанда ұсына отырып, оны денсаулық сақтау АЖ арқылы келіседі және қол қояды.";

60-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарты бойынша көрсетілетін қызметтердің бір бөлігін орындау үшін қызмет берушілер осы Қағидалардың 63-тармағында көзделген, деректер базасына енгізілмейтін денсаулық сақтау субъектілерін қоспағанда, олардың өндірістік базасы немесе олардың өкілдігінің (филиалының) өндірістік базасы орналасқан жеріне қарамастан, дерекқорға енгізілген бірлесіп орындаушылармен бірлесіп орындау шарттарын жасасады.";

осы қағидаларға 4-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-1- қосымша алынып тасталсын;

2. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № ҚР ДСМ-186/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21619 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін есепке алуды жүргізу қағидаларына:

4-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) дерекқорға енгізілген денсаулық сақтау субъектілерін үш жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын (бұдан әрі – ұзақ мерзімді шарт) жасасу үшін тиісті деп айқындау.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Қор денсаулық сақтау субъектісі өтінімді берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде (осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес бұрын өнім беруші ретінде дерекқорда тұрмаған денсаулық сақтау субъектісі өтінім берген кезде бес жұмыс күні ішінде) оны осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарына сәйкестігін қарайды.

Өтінімдер осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарына сәйкес келген кезде денсаулық сақтау субъектісі веб-порталда дерекқорға енгізіледі немесе мәлімделген (мәлімделгендер) медициналық көмектің түрі (түрлері), нысаны (нысандары), оны ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде шартты түрде (шарттар) көрсетілуі бойынша мәліметтер өзектендіреді және денсаулық сақтау субъектісіне осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (базасына) қордың уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық нысанда енгізу (өзектендіру) туралы хабарлама жіберіледі.

Өтінім осы Қағидалардың 6 және 7-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда веб-порталда қордың уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық нысандағы 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің дерекқорына (дерекқорына) енгізуге (өзектендіруге) өтінімнің қабылданбағаны туралы мынадай себептердің бірін көрсете отырып, хабарлама жіберіледі:

1) медициналық қызметке арналған лицензияның және (немесе) медициналық көмектің мәлімделген нысандары (түрлері), оны ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсету шарты (шарттары) бойынша оған қосымшалардың болмауы (сәйкес келмеуі);

2) "Е-Лицензиялау" МДҚ-да тіркелген денсаулық сақтау саласындағы Кодексте және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру Заңы мен қағидаларына сәйкес ТМККК және (немесе) ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге үміткер (үміткер) денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік (өндірістік) базасының (базаларының) орналасқан жері бойынша дәрілік препараттарды дайындауға және (немесе) дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізуге құқығын растайтын фармацевтикалық қызметке лицензияның және (немесе) қосымшалардың болмауы (сәйкес келмеуі);

3) "Е-Лицензиялау" МДҚ-да тіркелген денсаулық сақтау саласындағы Кодексте және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру Заңы мен қағидаларына сәйкес, ТМККК және (немесе) ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетуге үміткер (үміткер) денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік (өндірістік) базасының (базаларының) орналасқан жері бойынша иондаушы сәуле шығаратын аспаптар мен қондырғыларды пайдалану құқығын растайтын иондаушы сәуле шығаратын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге арналған лицензияның және (немесе) оған қосымшалардың болмауы (сәйкес келмеуі)

4) "Е-Лицензиялау" МДҚ-да тіркелген денсаулық сақтау саласындағы Кодексте және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру Заңы мен қағидаларына сәйкес, субъектінің өндірістік (өндірістік) базасының (базаларының) орналасқан жері бойынша денсаулық сақтау саласындағы есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның және (немесе) оған қосымшалардың болмауы (сәйкес келмеуі)

5) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер (үміткер) денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік (өндірістік)

базасына (базасына) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжатының қоса берілген көшірмесінің болмауы (сәйкес келмеуі);

6) денсаулық сақтау субъектісінде банкроттық немесе тарату рәсімін жүргізу;

7) заңды тұлғаны (заңды тұлға үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) немесе дара кәсіпкер ретінде тіркеу куәлігінің (анықтамасының) және жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) болмауы;

8) денсаулық сақтау субъектісі ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес келмеуі (анық еместігі);

9) осы Қағидалардың 17-тармағының 2), 3), 4), 6) және 9) тармақшаларға сәйкес негіздерде денсаулық сақтау субъектісін дерекқордан алып тастауға байланысты дерекқорға енгізуге шектеулердің болуы;

10) заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде;

11) "РБЖ" АЖ, "МТБЖ" АЖ және "ТХТ" порталының деректері бойынша келісімнің болмауы;

12) басшының сенім білдірілген адамы өтінімге қол қойған және (немесе) ұсынған кезде сенімхаттың көшірмесінің болмауы;

13) осы Қағидалардың 15-1-тармағына сәйкес қор денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша теріс қорытынды негізінде жүзеге асырылады;

14) денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базаларына қормен бару нәтижелері бойынша мәлімделген медициналық көмек түрлері бойынша төсек-орын қорының саны бөлігінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды сақтамауы.";

11, 12 және 13 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау басқармасы жыл сайын ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін алдағы жылға ТМҚҚК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы рұқсат беру құжаттарды ескере отырып, денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын айқындау туралы бұйрық шығарады (бұдан әрі – Төсек қоры бойынша бұйрық).

Төсек қоры бойынша бұйрық қорға және цифрлық денсаулық сақтау субъектісіне жіберіледі және қордың және денсаулық сақтау басқармаларының интернет-ресурсында орналастырылады.

12. Деректер базасына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері туралы ақпаратты қордан алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде цифрлық денсаулық сақтау субъектісі ұсынатын деректер базасына енгізілген денсаулық сақтау субъектілері "РБЖ" АЖ және "МТБЖ" АЖ (барлық денсаулық сақтау субъектілері) және "БХТ"



порталына (медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері) қол жеткізе алады.

Денсаулық сақтау субъектілері "РБЖ" АЖ, "МТБЖ" АЖ және "БХТ" порталына қол жеткізген күннен кейін он жұмыс күні ішінде:

1) "РБЖ" АЖ-да – ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қоры бойынша мәліметтер және стационарды алмастыратын жағдайларда төсек-орындар бойынша мәліметтер (төсек қоры саны санитариялық – эпидемиологиялық қорытындысынан енгізіледі);

2) "РБЖ" АЖ-да – Заңға сәйкес берілген медициналық қызметке арналған лицензияға қосымшаға (қосымшаларға) сәйкес өндірістік базалардың мекенжайлары бойынша денсаулық сақтау объектілерінің ғимараттары бойынша мәліметтер;

3) "РБЖ" АЖ-да – Заңға сәйкес берілген медициналық қызметке арналған лицензияның қосымшасына (қосымшаларына) сәйкес кадрлар бойынша мәліметтер;

4) "БХТ" порталында – халықты тіркеу учаскелері бойынша мәліметтер;

5) "МТБЖ" АЖ-да – медициналық бұйымдар бойынша мәліметтер енгізіледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілгендерден басқа денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне қол жеткізуді қормен қызметтерді сатып алу шартын немесе бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен ТМККК қосымша қамтамасыз ету шарты жасасқан денсаулық сақтау субъектілері және олардың бірлесіп орындаушылары алады

13. Денсаулық сақтау басқармасы жыл сайын 1 қазаннан 15 қазанға дейінгі кезеңде деректер базасына енгізілген денсаулық сақтау объектілері бойынша мониторингті жүзеге асырады:

1) "РБЖ" АЖ-да – Төсек қоры бойынша бұйрыққа сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық жағдайларда немесе стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қоры бойынша мәліметтер (төсек қоры саны санитариялық – эпидемиологиялық қорытындысынан енгізіледі);

2) "РБЖ" АЖ-да – денсаулық сақтау объектілерінің ғимараттары бойынша мәліметтер өндірістік базалардың мекенжайлары бойынша Заңға сәйкес берілген медициналық қызметке арналған лицензияға қосымшаға (қосымшаларға) сәйкестігіне;

3) "РБЖ" АЖ-да – кадрлар бойынша мәліметтер Заңға сәйкес берілген медициналық қызметке арналған лицензияға қосымшаға (қосымшаларға) сәйкестігі.

Осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес денсаулық сақтау субъектісі бойынша мәліметтердің сәйкес келмеу фактісі анықталған жағдайда денсаулық сақтау басқармасы денсаулық сақтау субъектісіне, қорға және цифрлық денсаулық сақтау субъектісіне "РБЖ" АЖ анықталған сәйкессіздіктер туралы жазбаша нысанда хабарлама жібереді (бұдан әрі – "РБЖ" АЖ мәліметтері бойынша хабарлама).

Денсаулық сақтау субъектісі ағымдағы жылдың 31 қазанына дейінгі мерзімде "РБЖ" АЖ мәліметтері бойынша хабарламаға сәйкес сәйкессіздіктерді жояды және "РБЖ" АЖ мәліметтері бойынша хабарламаға сәйкес сәйкессіздіктерді жою туралы денсаулық сақтау басқармасын, қорды және цифрлық денсаулық сақтау субъектісін жазбаша нысанда хабардар етеді.

Ағымдағы жылдың 20 қарашасына дейінгі мерзімде қор денсаулық сақтау субъектісінің "РБЖ" АЖ мәліметтері бойынша хабарламаға сәйкес сәйкессіздіктерді жоюын тексереді.";

мынадай мазмұндағы жаңа 15-1-тармақпен толықтырылсын:

"15-1. Осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес денсаулық сақтау субъектісі өтінім берген медициналық көмек көрсетудің түрлері немесе шарттары бойынша база мәліметтерін өзектендіруге арналған өтінімдерді қарау кезінде Қор Денсаулық сақтау субъектісіне хабарламаны бару күніне дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей жібере отырып, денсаулық сақтау субъектісінің өндірістік базаларына баруды жүзеге асырады.

Хабарлама мынадай тәсілдердің бірімен жіберіледі:

Денсаулық сақтау субъектісінде электрондық құжат айналымы болған кезде электрондық түрде;

жеткізу туралы хабарламасы бар тапсырыс хат-хабармен;

электрондық түрде веб-порталдағы жеке кабинетте.

Бару нәтижелері бойынша қор осы Қағидаларға 6-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша қорытынды (бұдан әрі – денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша қорытынды) қалыптастырады.

Денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша теріс қорытынды қордың осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес өтінімді қабылдамау туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Бұрын дерекқорда өнім беруші ретінде тұрмаған денсаулық сақтау субъектісі өтінім берген кезде қор осы тармақтың бірінші, екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес субъектіге баруды жүзеге асырады.";

17-тармақ мынадай мазмұндағы жаңа 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) осы Қағидалардың 15-1-тармағына сәйкес денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша теріс қорытынды болған кезде өнім беруші және бірлесіп орындаушы ретінде – алдағы жылға.";

мынадай мазмұндағы 30-1, 30-2, 30-3, 30-4 және 30-5-тармақтармен толықтырылсын:

"30-1. Медициналық көмектің түрлері бойынша ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын жасасуға іріктеу үшін тиісті денсаулық сақтау субъектілерін айқындау, көрсетілетін

қызметтерге және (немесе) медициналық қызметтер көрсетудің алдағы жылға арналған шарттарына қордың шешімі бойынша денсаулық сақтау субъектілері берген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді сатып алудың ұзақ мерзімді шартын жасасуға іріктеу үшін тиісті денсаулық сақтау субъектісін айқындауға арналған өтінімдер негізінде осы қосымшалардың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жүзеге асырылады (бұдан әрі – сәйкестікке өтінім).

30-2. Сәйкестікке өтінімді денсаулық сақтау субъектісі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана) орналасқан өндірістік (өндірістер) базаның (базаларының) орналасқан жері бойынша береді:

1) денсаулық сақтау субъектісі медициналық көмектің мәлімделген (мәлімделгендердің) түрі (түрлері), нысаны (нысандары), оны ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсету шарты (шарттары) бойынша дерекқорға енгізілген;

2) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде уәкілетті органның немесе қордың (бұдан әрі – денсаулық сақтау АЖ) ақпараттық жүйелерінен алынған деректер бойынша бес жыл ішінде медициналық көмек көрсету бойынша қызметтер көрсетудің үздіксіз тәжірибесі болған жағдайда, мыналарды қоспаған кезде:

мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) шеңберінде жобаны іске асыруға қатысатын денсаулық сақтау субъектілерінің;

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 45 және 46-баптарына сәйкес қайта ұйымдастырылған денсаулық сақтау субъектілерінің;

3) МЖӘ шеңберінде жобаны іске асыруға қатысатын денсаулық сақтау субъектілерді қоспағанда, денсаулық сақтау саласында жоғары немесе бірінші санаттағы аккредиттеу туралы куәліктің болуы;

4) банкроттық немесе тарату рәсіміне қатыспау.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының қарамағындағы денсаулық сақтау субъектілері өндірістік базаның орналасқан жеріне қарамастан, осы жергілікті атқарушы органдардың аумағында өтінім береді.

30-3. Қор денсаулық сақтау субъектісі сәйкестікке өтінім берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны осы Қағидалардың 30-2-тармағының талаптарына сәйкестігін қарайды.

30-4. Өтінім осы Қағидалардың 30-2-тармағының талаптарына сәйкес келмеген кезде денсаулық сақтау субъектісіне осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ұзақ мерзімді шартын жасасуға іріктеу үшін денсаулық сақтау субъектісін айқындауға арналған өтінімнің қабылданбағаны туралы

хабарлама осы Қағидалардың 30-3-тармағында көрсетілген қарау мерзімі өткен күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жіберіледі.

30-5. Ұзақ мерзімді сатып алу шартын жасасқан қызмет беруші осы Қағидалардың 17-тармағында айқындалған жағдайларда дерекқордан шығарылады.";

көрсетілген қағидаларға 6-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2, 3, 4, және 5-қосымшаларға сәйкес 6, 6-1, 16 және 17-қосымшалармен толықтырылсын.

3. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтердің және (немесе) қаражаттың көлемдерін бөлу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 30 қарашадағы № 169 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33715 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтердің және (немесе) қаражаттың көлемдерін бөлу әдістемесіне:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Денсаулық сақтау субъектілері арасында қызметтер және (немесе) қаражат көлемдерін бөлу мыналарды ескере отырып жүзеге асырылады:

1) № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығының 47-тармағына сәйкес басым құқық;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органының (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармасы) ТМККК шеңберінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын жағдайларда төсек бейіндері бөлінісінде төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын айқындау туралы бұйрығына сәйкес төсек қорын қоса алғанда, денсаулық сақтау субъектілерінің өндірістік қуатын және (немесе) МӘМС жүйесінде № ҚР ДСМ-186/2020 бұйрығының 11-тармағына сәйкес;

3) бюджет қаражаты есебінен немесе МЖӘ шеңберінде салынған жаңадан енгізілген объектісі бар денсаулық сақтау субъектілерін қоспағанда, мәлімделетін (мәлімделген) медициналық көмектің түрі (түрлері) бойынша қызметтер көрсету тәжірибесі, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (ауданның, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес мәлімделетін медициналық көмек көрсету түрлері мен шарттары бойынша жалғыз болып табылатын денсаулық сақтау субъектісінің (бұдан әрі – жалғыз қызметтер беруші);

4) шарттық міндеттемелер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінен медициналық қызметтерді сатып алу шарты талаптарының орындалуына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-321/2020 міндетін атқарушының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21904 ) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығы) бұйрыққа сәйкес көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары бойынша медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы мен көлемі бойынша;

5) денсаулық сақтау субъектілерінде № ҚР ДСМ-321/2020 бұйрығына сәйкес расталған өткен жылғы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігіне негізделген шағымдардың болмауы (болуы);

6) "Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-299/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21852 болып тіркелген) сәйкес денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеудің анағұрлым жоғары санатының болуы;

7) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі ұсынған түпкілікті деректер бойынша (МСАК көрсетілетін қызметтерін және (немесе) қаражат көлемін бөлу кезінде) орналастыру кезеңіне бекітілген халықтың саны мен жыныстық-жас құрамының өзгеруін ескере отырып, № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына сәйкес халықты МСАК субъектілеріне бекіту науқанының қорытындылары;

8) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының болуы;

9) денсаулық сақтау басқармасының бұйрығы негізінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектісін шұғыл және (немесе) кезек күттірмейтін (ургенттілік) денсаулық сақтау субъектілерінің тізбесіне енгізу;

10) денсаулық сақтау субъектісі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте (аудан, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына сәйкес мәлімделетін медициналық көмек түрлері, көрсетілетін қызметтер және медициналық көрсетілетін қызметтер (көрсетілетін қызметтер) шарттары бойынша қызметтер көрсететін жалғыз денсаулық сақтау субъектісі болып табылады;

11) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 30 қарашадағы № 170 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33712 болып тіркелген) бекітілген ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері қызметінің индикаторларды есептеу және рейтингтік бағалау әдістемесіне (бұдан әрі – рейтингті есептеу әдістемесі) және ТМККК шеңберінде және (немесе)

МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін рейтингтік бағалауға (бұдан әрі – рейтингтік бағалау әдістемесі) сәйкес есептелген.

12) Есепке алу қағидаларына сәйкес ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын жасасу үшін тиісті денсаулық сақтау субъектілерін айқындау.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер және (немесе) өзге де талаптар болған кезде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және қызметтер көлемін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көлемдерді ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтерді және (немесе) қаражат көлемдерін бөлу жөніндегі негіздемені веб-порталда тіркей отырып, веб-порталда есептелген көлемдерді есепке алмағанда денсаулық сақтау субъектілері арасында бөледі (немесе) МӘМС жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерін таңдау және осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтерді және (немесе) қаражат көлемін орналастыру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – қызметтерді және (немесе) қаражат көлемдерін бөлу жөніндегі негіздеме).

Денсаулық сақтау субъектілерінің саралау топтарына байланысты МӘМС туралы Заңның 34-бабының 2-тармағына және Кодекстің 69-бабының 6-тармағына сәйкес басым тәртіппен көлемдер ұзақ мерзімді сатып алу шарттарын жасасу үшін тиісті денсаулық сақтау субъектілері арасында бөлінеді.";

17-тармақ мынадай мазмұндағы 13) және 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде республикалық ұйымдар көрсететін амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек;

14) "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде жаңадан енгізілген объектілердің шығындарын өтеу.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Рейтингтік бағалауға байланысты бөлінетін қызметтер және (немесе) қаражат көлемінің мөлшері саралау топтары бойынша мынадай шектерде айқындалады:

1) 1-саралау тобы: бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің ең аз көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 80%, бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің ең көп көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 90 %;

2) 2-саралау тобы: бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің ең аз көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 70%, бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің ең көп көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 85 %;

3) 3-саралау тобы: бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің ең аз көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 60%, бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің ең көп көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 75 %;

4) 4-саралау тобы: бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің ең аз көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 50%, бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің ең көп көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 65 %;

5) 5-саралау тобы: бөлу үшін көрсетілетін қызметтердің минималды және максималды көлемі және (немесе) қаражат көлемі – 20%.";

38-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-қадам: егер 1-қадамды орындау нәтижелері бойынша бөлінбеген көрсетілетін қызметтер көлемі қалса, онда 1 – 5 саралау тобына бекітілген ең аз көрсетілетін қызметтер көлемінен асатын көрсетілетін қызметтер көлемдері бұдан әрі бірыңғай пул ретінде қаралады және мәлімделген көлемдерді ескере отырып 1 – 4 саралау тобының әрбір денсаулық сақтау субъектісіне саралау тобына байланысты ең жоғары көрсетілетін қызметтер көлемі дәйекті түрде бекітіледі (1-саралау тобы – 90%, 2-саралау тобы – 85%, 3-саралау тобы – 75%, 4-саралау тобы – 65%);";

39-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Денсаулық сақтау субъектісіне бөлінген көрсетілетін қызметтердің көлеміне (VДС, КДК) бөлінген қаражат көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:";

43-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-қадам: егер 1-қадамды орындау нәтижелері бойынша бөлінбеген қызметтер көлемі қалса, онда 1 – 5 саралау тобына бекітілген ең төменгі көрсетілетін қызметтер көлемінен асатын қызметтер көлемі бұдан әрі бірыңғай пул ретінде қаралады және 1 – 4 саралау тобының әрбір денсаулық сақтау субъектісіне саралау тобына байланысты ең жоғары қызметтер көлемі дәйекті түрде бекітіледі (1 саралау тобы – 90%, 2 саралау тобы – 85%, 3 саралау тобы – 75%, 4 саралау тобы – 65%) және медициналық техниканың ӨҚ, мәлімделген көлемдерді ескере отырып;";

52-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) күндізгі стационар жағдайындағы ересектерге және (немесе) балаларға медициналық оңалтудың 3 кезеңі бойынша жүзеге асырылады.";

55-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-қадам: егер 1-қадамды орындау нәтижелері бойынша бөлінбеген көрсетілетін қызметтер көлемі қалса, онда 1 – 5 саралау тобына бекітілген ең төменгі көрсетілетін қызметтер көлемінен асатын көрсетілетін қызметтер көлемі бұдан әрі бірыңғай пул ретінде қаралады және 1 – 4 саралау тобының әрбір денсаулық сақтау субъектісіне саралау тобына байланысты ең жоғары көрсетілетін қызметтер көлемі және мәлімделген көлемдерді ескере отырып, күндізгі стационардың төсек орындарының ӨҚ дәйекті түрде бекітіледі (1-саралау тобы – 90%, 2-саралау тобы – 85%, 3-саралау тобы – 75%, 4-саралау тобы – 65%);";

60-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-қадам: егер 1-қадамды орындау нәтижелері бойынша бөлінбеген көрсетілетін қызметтер көлемі қалса, онда 1 – 5 саралау тобына бекітілген ең төменгі көрсетілетін

қызметтер көлемінен асатын көлемдер бұдан әрі бірыңғай пул ретінде қаралады және 1 – 4 саралау тобының әрбір денсаулық сақтау субъектісіне саралау тобына байланысты ең жоғары көрсетілетін қызметтердің мәлімделген көрсетілетін қызметтер көлемін ескере отырып, күндізгі стационардың төсек орындарының ӨҚ дәйекті түрде бекітіледі (1-саралау тобы – 90%, 2-саралау тобы – 85%, 3-саралау тобы – 75%, 4-саралау тобы – 65%);";

68-тармақтың он тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3.3-қадам: егер 3-қадамды орындау нәтижелері бойынша бөлінбеген көрсетілетін қызметтер көлемі қалса, онда 1 – 5 саралау тобына бекітілген ең төменгі көрсетілетін қызметтер көлемінен асатын көрсетілетін қызметтер көлемі бұдан әрі бірыңғай пул ретінде қаралады және 1 – 4 саралау тобының әрбір денсаулық сақтау субъектісіне саралау тобына байланысты ең жоғары көлем және мәлімделген көлемдерді ескере отырып, алдағы жылға арналған сатып алу жоспарына сәйкес соңғы басым бағыттағы төсек қорының ӨҚ дәйекті түрде бекітіледі (1-саралау тобы – 90%, 2-саралау тобы – 85% , 3-саралау тобы – 75%, 4-саралау тобы – 65%);";

69-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"69. Тәулік бойы стационар жағдайында тәулік бойы стационар төсектерінің бейіндері бөлінісінде мамандандырылған медициналық көмек көрсету бойынша қаражат көлемі (VДС, ТС, бейін) денсаулық сақтау субъектісіне бөлінген тәулік бойы стационар жағдайларының көрсетілетін қызметтер көлемі мына формула бойынша есептеледі:";

75-тармақтың жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-қадам: егер 1-қадамды орындау нәтижелері бойынша бөлінбеген көрсетілетін қызметтер көлемі қалса, онда 1 – 5 саралау тобына бекітілген ең төменгі көрсетілетін қызметтер көлемінен асатын көрсетілетін қызметтер көлемі бұдан әрі бірыңғай пул ретінде қаралады және 1 – 4 саралау тобының әрбір денсаулық сақтау субъектісіне саралау тобына байланысты ең жоғары көрсетілетін қызметтер көлемі және мәлімделген көлемдерді ескере отырып, ЖТМК (КЖТМК(i)) емделген жағдайларының фактілері дәйекті түрде бекітіледі (1-саралау тобы – 90%, 2-саралау тобы – 85%, 3-саралау тобы – 75%, 4-саралау тобы – 65%);".

4. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері қызметінің индикаторларын есептеу және рейтингтік бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 30 қарашадағы № 170 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33712 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде



медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілері қызметінің индикаторларын есептеу және рейтингтік бағалау әдістемесіне:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелді) сәйкес денсаулық сақтау субъектілерінің индикаторлары мен рейтингтік бағалауын есептеуді қор көрсетілетін қызметтерді денсаулық сақтау субъектілерінен сатып алу веб-порталда (бұдан әрі – веб-портал) ЭЦҚ арқылы қол қоя отырып жүзеге асырады және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 30 қарашадағы № 169 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33715 болып тіркелген) бекітілген ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілеріне көрсетілетін қызметтер әне (немесе) қаражат көлемін бөлу әдістемесіне (бұдан әрі - бөлу әдістемесі) сәйкес веб-порталда денсаулық сақтау субъектілері арасында ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер және (немесе) қаражат көлемін бөлу кезінде қолданылады.";

осы әдістемеге 1-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес мынадай редакцияда жазылсын.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

7. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Келісілді:  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі  
2024 жылғы 22 қарашадағы  
№ 96 Бұйрығына  
1-қосымша  
Тегін медициналық көмектің  
кепілдік берілген көлемі  
шеңберінде және міндетті  
әлеуметтік медициналық  
сақтандыру жүйесінде  
денсаулық сақтау  
субъектілерінен көрсетілетін  
қызметтерді сатып алу  
қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтердің жоспарланған көлеміне өтінімде көрсетілген медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер**

Бекітілген халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

Жан басына шаққандағы кешенді нормативке кіретін көлемдер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі *			Мәлімделген көлемдер*
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
		Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны	Бекітілген халық саны
1	2	3	4	5	6

Халық санына медициналық көмек көрсету кезіндегі нақты шығындарға арналған шығыстар\*\*

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі сомасы, теңге*			Мәлімделген сомалар, теңге *
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
		1	2	3	4

Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтары\*\*\*

№	Медициналық	Алдыңғы кезеңдегі көлемі *			Мәлімделген көлемдер*
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
		Скринингтік	Скринингтік	Скринингтік	Скринингтік

	көмектің түрі	зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы									

**Ерекше еңбек жағдайлары үшін нақты шығындарға арналған шығыстар \*\*\***

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі сомасы, теңге*			Мәлімделген сомалар, теңге *
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
1	2	3	4	5	6

Осы мәліметтерге қосымша \_\_\_\_\_ парақта.

(Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Ескерту:

\* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады;

\*\* арнайы емдік ақуызы төмен және фенилаланині төмен өнімдермен қамтамасыз етілгенде толтырылады;

\*\*\* ауыл тұрғындарын профилактикалық тексеруге берген жағдайда толтырылады;

\*\*\*\* жедел медициналық жәрдем станцияларының жүргізушілері болған кезде толтырылады.

Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі *			Мәлімделген көлемдер*
		20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
		Қызметтер саны	Қызметтер саны	Қызметтер саны	Қызметтер саны
1	2	3	4	5	6

**Орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету\*\***

№	Орта білім беру ұйымының БСН	Орта білім беру ұйымының атауы	Өндірістік базаның мекенжайы***	Облыстың мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасы жергілікті органының бұйрығы	Оқушылардың мәлімделген саны
1	2	3	4	5	6

**Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтары\*\*\*\***

№	Медициналық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі *						Мәлімделген көлемдер*	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Скринингтік зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	Скринингтік зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	Скринингтік зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны	Скринингтік зерттеулерге жататын халық саны	Қызметтер саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы									

**Медициналық техниканың болуы туралы мәліметтер – компьютерлік томографтар, магнитті-резонанстық томографтар (бар болса) \*\*\*\*\***

№	Сериялық нөмірі	Медициналық техниканың атауы (компьютерлік томограф, магниттік-резонанстық томограф)	Медициналық техниканың техникалық сипаттамасына сәйкес тәулігіне көрсетілетін қызметтердің ең көп саны
1	2	3	4
Барлығы		X	

**Стоматологиялық қондырғының болуы туралы мәліметтер, оның ішінде стоматологиялық дәрігер-блок, стоматологиялық кресло, стоматологиялық гидроблок, шаңсорғыш және сілекей сорғысы бар, стоматологиялық операциялық шам (бар болса) \*\*\*\*\***

№	Сериялық нөмірі	Медициналық техниканың атауы (стоматологиялық қондырғы)	Медициналық техниканың техникалық сипаттамасына сәйкес тәулігіне көрсетілетін қызметтердің ең көп саны
1	2	3	4
Барлығы		X	

**Жылжымалы медициналық кешеннің болуы туралы мәліметтер (бар болса) \*\*\*\*\***

№	Сериялық нөмірі	Автомобиль көлігі
1	2	3
Барлығы		X

**Аумақтағы жылжымалы медициналық кешен базасында ауыл халқына жоспарлы медициналық көмек көрсету туралы мәліметтер аумақта\*\*\*\*\***

№	Аудандың атауы	Ауданның ЭАОЖ (әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші) бойынша орналасқан жерінің коды
1	2	3

Өндірістік күнтізбені ескере отырып, жылдың жұмыс күндерінің саны бойынша мәліметтер: \_\_\_\_\_ күндер.\*\*\*\*\*

Осы мәліметтерге қосымша \_\_\_\_\_ парақтарда.

\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
(Денсаулық сақтау субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Ескерту:

\* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады;

\*\* бекітілген орта білім беру ұйымы болған кезде толтырылады;

\*\*\* оқушылар саны 50 оқушыға дейінгі шағын жинақталған мектептерде білім алушыларға медициналық көмекті ол орналасқан аумаққа қызмет көрсететін алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін ұйым ұсынады;

\*\*\*\* скринингтік зерттеулерге жататын тұлғалардың қалыптастырылған нысаналы топтары бойынша ШОБ субъектілері тіркелген халық санынан толтырады;

\*\*\*\*\* қажет болған жағдайда толтырылады.

Жоғары технологиялық медициналық қызметтер көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	ЖТМҚ коды*	ЖТМҚ атауы	Алдыңғы кезеңдегі көлемі **			Мәлімделген көлемдер**
			20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл	20__ жыл
			саны	саны	саны	саны
1	2	3	4	5	6	7

Осы мәліметтерге қосымша \_\_\_\_\_ парақтарда.

\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
(Денсаулық субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Ескерту:

\* ЖТМҚ-жоғары технологиялық медициналық қызметтер;

\*\* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады.

Бағдарламалық гемодиализ қызметтерін көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

--	--	--	--	--	--	--

№	Медицин алық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі *						Мәлімделген көлемдер*	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Жағдайла р саны	Сеанстар саны	Жағдайла р саны	Сеанстар саны	Жағдайла р саны	Сеанстар саны	Жағдайла р саны	Сеанстар саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы									

### Диализ аппараттарының саны бойынша мәліметтер

№	Сериялық нөмірі	Диализ аппаратының атауы	Қызметтер саны ауысымда	Күніне ауысым саны
1	2	3	4	5
Барлығы		X		

Өндірістік күнтізбені ескере отырып, жылдың жұмыс күндерінің саны бойынша мәліметтер \_\_\_\_\_ күндер.

Осы мәліметтерге қосымша \_\_\_\_\_ парақтарда.

\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
(Денсаулық субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы) немесе ол уәкілеттік берген адамның қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Ескерту:

\* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады.

Перитонеальді гемодиализ қызметтерін көрсетуге арналған көлемдер мен сомалар туралы мәліметтер

№	Медицин алық көмектің түрі	Алдыңғы кезеңдегі көлемі мен сомасы*						Мәлімделген көлемдер мен сома*	
		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл		20__ жыл	
		Жағдайла р саны	Сома, теңге	Жағдайла р саны	Сома, теңге	Жағдайла р саны	Сома, теңге	Жағдайла р саны	Сома, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы									

Осы мәліметтерге қосымша \_\_\_\_\_ парақтарда.

\_\_\_\_\_, \_\_\_\_\_  
(Денсаулық субъектісі басшысының немесе ол уәкілеттік берген адамның лауазымы

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы)

Мөр орны (бар болса)

Толтырылған күні \_\_\_\_\_

Ескерту:

\* алдағы жылға жоспарланған көлемдерге өтінім берген кезде және денсаулық сақтау субъектілерінен қызметтерді сатып алуға алғаш қатысқан кезде толтырылады.

